



06.04.2016

№ 48

Университет білім алушылардың пәндерді қосымша және қайта оқуды ұйымдастыруын жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ Қосымша және қайта оқуды ұйымдастыру туралы ереже бекітілсін (қоса берілді).

2. Университеттің қосымша білім беру факультетінің деканаты, ЭЭФ, РТЖБФ, ЖЭФ, ААТФ деканаттары, Тіркеу офисі, кафедралары қосымша және қайта оқыту бойынша жоспарлары мен іс-шаралар ұйымдастыруда осы ережені басшылыққа алсын.

3. «АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ Қосымша және қайта оқуды ұйымдастыру туралы ережені» бекіту туралы 01.10.2013 жылғы №124 бұйрық 06.04.2016 ж. бастап өз күшін жойды деп есептелсін.

4. ӘЗБ маманы Жалбиева С.Б. осы бұйрықты университеттің барлық бөлімшелеріне жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау ОӘЖ проректоры Коньшин С.В. жүктелсін.

Негізі: АЭЖБУ Ректоратының шешімі (05.04.2016 ж. №6 хаттама).

**Ректор**



**К. Бакенов**

Бұйрықты әдістемелік бөлім енгізген:  
ОӘБ бастығы

М. Мустафин

Келісілді:  
ОӘЖ проректоры  
ҚБ бастығы  
- бас бухгалтер

С. Коньшин

З. Ибраева

ӘЗБ бастығының орынбасары –  
кеңсе және мұрағат меңгерушісі  
МТЖАС меңгерушісі

А. Сергазина

С. Дукембай

## «АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ қосымша және қайта оқытуды ұйымдастыру туралы Ереже

### 1 Жалпы ереже

1.1 Академиялық кезеңдегі немесе жазғы қосымша семестрдегі қосымша оқыту келесі студенттерге қарастырылған:

- оқу процессін аяқтауға қажетті міндетті кредиттер көлемінің санына кірмейтін пәндерді оқығысы келетін студенттер;
- университетке оқуға қайтадан қабылданып жатқан немесе оқу бағдарламаларындағы сабақ айырымын жоюға басқа жоо-дан ауысып келген студенттер.

1.2 Академиялық кезеңдегі немесе жазғы қосымша семестрдегі қайта оқыту келесі студенттерге қарастырылған:

- емтиханнан қанағаттанарлық емес баға алған немесе түсініксіз себептер бойынша емтиханға жіберілмеген (академиялық қарыз) студенттер;
- үлгірімі бойынша орташа баллды (ОРА) көтергісі келген студенттер.

1.3 Қосымша немесе қайталап оқу шеңберіндегі сабақтарға дәрістер, зертханалық және практикалық (семинарлық) сабақтар, жұмысшы оқу жоспарымен қарастырылған басқа сабақ түрлері сонымен қатар аудиториялық және өзіндік жұмыстар кеңес беру мен емтихандар жатады.

1.4 Академиялық кезеңде пәндерді қосымша және қайта оқығанда олардың қосынды көлемі Ереже бойынша, 4 кредиттен аспауы керек. Жазғы қосымша семестрдегі оқитын пәндердің қосынды көлемі 9 кредиттен аспауы керек.

1.5 Академиялық кезеңдегі немесе жазғы қосымша семестрдегі пәндерді қосымша немесе қайта оқыту ақылы түрде жүреді.

### 2 Пәндерді қосымша және қайта оқытуды ұйымдастыру сұлбасы

2.1 Офис тіркеушілер сессия аяқталғаннан кейін 3 күннен кем емес уақыт аралығында академиялық қарыздары бар студенттердің тізімін дайындайды және оларды деканаттарға сонымен қатар қосымша білім деканатына (ҚБД) береді.

2.2 Сессия аяқталғаннан кейінгі екі аптаның ішінде пәндерді қосымша немесе қайталап оқығысы келген студенттер оқығысы келетін пәндерді көрсете отырып, ҚБД деканы атына өтініш жазады. Өтінішке езі оқитын факультеттің деканы немесе декан орынбасары қол қояды. Өтініш негізінде шарт (мемлекеттік грант бойынша оқитындарға) немесе қосымша келісім (толық ақылы оқитындарға) рәсімделеді.

2.3 Оқитын студенттер келісілген шартқа сәйкес (немесе қосымша келісім бойынша) оқу төлемін сабақ кестесі бойынша сабақ басталмас бұрын төлейді. Өтініш, шарт (немесе қосымша келісім), сондай-ақ студенттердің ақша

телену түбіртегі көшірмесі ҚБД беріледі.

2.4 ҚБФ деканаты екі апта мерзім соңында қосымша және қайталап оқуға жазылған оқушылар тізімін деканаттарға және Офис тіркеушілерге төленген жайлы мәліметтермен бірге береді.

2.5 ҚБФ деканаты оқу-әдістемелік бөлімімен келісілген өкімге сәйкес факультет бойынша оқу топтарын және пәнді қосымша және қайталап оқу бойынша лектер қалыптастырады.

2.5.1 Академиялық кезеңдегі қосымша және қайта оқытуда студенттер оқитын пәндерге сәйкесті, лектерге және топтарға қосылады.

2.5.2 Жоспарланған семестрдегі факультет мамандықтарының оқу жоспарында сол оқытылатын пәннің болмауы кезінде студенттер оқу процессіне сәйкес сол пәнді оқуға басқа факультетке жіберіледі.

Академиялық кезеңдегі пәндерді қосымша және қайта оқытуда топ құру үшін оқушылар саны төрттен кем емес болуы қажет.

ҚБФ деканаты студенттер тізімін, олар оқитын пәндерді және оқу ақшасы төленгенін көрсете отырып, Офис тіркеушілерге береді.

2.6 Офис тіркеушілер жоғарыда көрсетілген тізім негізінде емтихандық ведомостілерді рәсімдейді.

2.7 Университет кафедралары қосымша сабақтарды, кеңес беруді өткізетін сонымен қатар емтиханды қабылдайтын оқытушыларды сағаттық ақы төлеу шартында анықтайды. ОПК-мен келісім шартты жасауды ҚБФ деканаты іске асырады.

2.8 ҚБФ деканаты оқу жүктемесінің есептелуін және оқу жұмыс жоспарын құрады оның негізінде диспетчерлер эмтихандар мен сабақ кестесін құрады, ол оқу-әдістемелік жұмыс бойынша ректор орынбасарымен бекітіледі.

2.9 Пәндерді қосымша және қайта оқытуды ұйымдастыру бойынша барлық іс-шаралары, сабақ басталардан бір апта бұрын іске асырылады.

2.10 ҚБФ деканаты сабақ және кеңес берудің өткізілуіне бақылау жасайды. ҚБФ деканаты жүйелі түрде сабаққа қатыспай жүрген студенттерді сәйкесті деканаттарға хабарлайды.

2.11 Офис тіркеушілер қосымша және қайталап оқуға шығарылған пәндер бойынша қортынды бақылауды ұйымдастырады.

Пәндерді қосымша және қайта оқытудың емтихандық ведомостілер көшірмесі факультет деканаттарына беріледі.